

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағындағы террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 2 қазандағы № 1040 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 5 қазанда № 33503 болып тіркелді

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағындағы террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

E. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары -
Қаржы министрі 2023 жылғы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағындағы террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағындағы террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына (бұдан әрі – Зан), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес әзірленді.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Қағидалар) Объектілерді террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік), оның ведомстволарының аумақтық бөлімшелеріне және объектілеріне (бұдан әрі – объектілері) қолданылады.

3. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) байланыс жүйесі – ақпаратты (ақпарат) беруге (алмасуға), объектінің күзет қызметінің жұмысын жедел басқаруға арналған техникалық құралдар мен арнайы бөлінген байланыс арналарының жиынтығы;

2) баланс ұстаушы – мұлік бекітілген респубикалық мемлекеттік мекеме;

3) бейнебақылау жүйесі – өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын, жұмыс істеп түрған бейнеарналардың, бейнедеректерді жазу мен сактаудың бағдарламалық және техникалық құралдарының, сондай-ақ бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы;

4) жарықтандыру жүйесі – тәуліктің қараңғы уақытында бейнебақылау жүйесі үшін жарықтандырудың қажетті деңгейін және объектідегі адамдар мен көлік құралдарын көруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар жиынтығы;

5) объектілердің персоналы – объектінің басшылары, жұмыскерлері, қызметкерлері;

6) объектінің басшысы – баланс ұстаушының басшысы;

7) объектінің периметрі – құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы ;

8) оқу (профилактикалық) іс-шаралары - персонал мен күзетті оқытудың алғашқы ден қою дағдыларын дарыту мақсатында нұсқамалар мен сабактар түрінде жүзеге асырылатын алдын алу тәсілдері;

9) өткізу режимі – адамдардың санкциясыз кіруі (шығуы), көлік құралдарының кіруі (шығуы), мұлікті кіргізу (шығару), әкелу (әкету) мүмкіндігін болдырмайтын, белгіленген тәртіпті регламенттейтін қағидалар жиынтығы;

10) терроризмге қарсы қорғалу паспорты - объект туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтер қамтылатын, оның терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін көрсететін және террористік түрғыдан осал объектідегі терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, барынша азайту және (немесе) салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған ақпараттық-анықтамалық құжат;

11) эксперимент – террористік түрғыдан осал Министрлік объектілеріне терроризм актісін жасауға кедергі келтіруге, оның зардаптарын барынша азайтуды және жоюды қамтамасыз етуге дайындалған бағалау жөніндегі іс-шара.

4. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуы өткізілетін іс-шаралардың уақтылы жүргізуіне, сараланған тәсілге, барабарлық және кешенділік қағидаттарына негізделеді.

5. Министрлікте объектілерді терроризмге қарсы қорғау мәселелері жөніндегі қызметті үйлестіру ішкі сатып алу және Министрліктің активтері департаментіне және объект басшыларына жүктеледі.

Объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын оның бірінші басшысы ұйымдастырады.

6. Объектілерде терроризм актісін жасауға кедергі келтіретін (терроризм актісін жасау тәуекелін төмендету) және объектілерде болуы мүмкін террористік қауіптердің салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға әзірлігін қамтамасыз ететін жағдайлар жасау үшін Министрлікте:

объектінің басшысы мыналар бойынша шараларды іске асырады:

Қағидаларға сәйкес объектілерді террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу туралы шешім дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

Ұлттық қауіпсіздік комитетінен келіп түсетең, террористік қауіптердің сипаты мен ерекшелігі және олардың объектілер үшін салдарын модельдеу туралы ақпаратты талдау. Министрліктің қарамағындағы мұдделі ведомстволарды, ұйымдарды хабардар ету;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік және (немесе) ішкі істер органдарының террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету және оларды осы Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар негізінде әзірлеуге қатысты ұсынымдарын жалпылау;

объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін мемлекеттік бақылау қорытындылары, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі шаралар объектілерінің басшылары қабылдайтын объектілеріндегі эксперименттердің нәтижелері бөлігінде ақпаратты жинақтау және талдау. Объектілердің терроризмге қарсы қорғалу деңгейін арттыруға бағытталған шараларды әзірлеу;

террористік сипаттағы қауіп-қатер объектілері үшін ықтимал қауіптерді нақтылау; объектіде терроризм актісін жасауға және оларды жою жөніндегі шараларды іске асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды айқындау;

объектілерді қажетті инженерлік-техникалық құралдармен жарақтандыру; белгіленген өткізу режимін қамтамасыз ету;

объектілер персоналын және күзет қызметі субъектілері қызметкерлерін терроризм актісін жасау қатерлеріне алғашқы ден қоюға даярлауды (оқытуды) ұйымдастыру (терроризм актісін жасау белгілерін анықтау, бұл туралы Құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдардың басшылығына хабарлау);

терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі талаптардың сақталуын бақылау;

жасалған терроризм актісі туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік және (немесе) ішкі істер органдарын уақтылы хабардар ету;

үәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар, жедел басқару органдары террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ терроризм актісінің жасалуы салдарынан туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайту және (немесе) жою мәселелері бойынша оқу-жаттығулар, жаттығулар және эксперименттер өткізген кезде оларға объект персоналының қатысуы;

объектінің персоналын және күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерін террористік сипаттағы қатерлерге алғашқы ден қою дағдыларына оқыту;

объектіде терроризм актісін жасау кезінде персонал мен келушілерді хабардар етуді және эвакуациялауды ұйымдастыру;

объектінің терроризмге қарсы қорғалуының паспортын уақтылы жасау және оны тиісінше сақтау мен өзекті күйде ұстau;

негізгі құтқару, авариялық және өзге де қызметтер келгенге дейін адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, терроризм актісінің салдарын жоюға және барынша азайтуға бағытталған бастапқы ден қою шараларын ұйымдастыру үшін қажетті күштер мен құралдарды қалыптастыру;

тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің қауіпсіздігін және объектінің (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газ жабдығы, өрт сөндіру), объект персоналы мен келушілер қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шұғыл шараларды дайындау және ұйымдастыру, эвакуациялау жолдарын айқындау, персоналды қорғану құралдарымен қамтамасыз ету, аталған қызмет участеклері үшін жауапты адамдарды белгілеу бойынша шараларды іске асырады.

2-тaraу. Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

7. Объектіде объектінің ерекшелігіне сәйкес келетін өткізу режимі белгіленеді.
8. Объектілердің басшылары осы Нұсқаулықтың 6-тaraуының 74-тармағына сәйкес 2-топқа жатқызылған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының неғұрлым жоғары

денгейін қамтамасыз ету үшін қолданыстағы заңнама шенберінде күзет қызметтерін көрсетуге, оның ішінде террористік тұрғыдан осал Министрлік объектілерін күзетуге лицензиясы бар күзет қызметі субъектісімен күзет қызметтерін көрсету туралы кемінде бір жыл мерзімге шарт жасасады.

9. Күзет қызметі субъектісімен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасу кезінде объект басшысы күзет қызметі субъектісі іске асыратын терроризмге қарсы қорғауды және қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шараларын көрсетеді, оларға мыналар жатады:

1) қызметкерлер мен көлік құралдарын объектіге немесе оның бөліктеріне (аймағына) санкцияланған рұқсат беруді ұйымдастыру;

2) объект аумағында құқыққа қарсы ниеті бар адамдарды, сондай-ақ оларды іске асыру үшін пайдаланылатын құралдар мен заттарды анықтау;

3) объектінің күзету, объектінің ықтимал қауіпті участеклерін және дағдарысты аймақтарды қорғау (бақылау), оның ішінде оларда бөгде адамдардың бақылаусыз болуына жол бермеу;

4) жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайтуға және жоюға бағытталған алғашқы ден қою іс-шараларын орындау бойынша объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдармен оқу іс-шараларын ұйымдастыру;

5) осы Нұсқаулықта көзделген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес объектіде орнатылған техникалық қорғау құралдарын тиісінше пайдалану.

10. Объектілер үшін өткізу режимін ұйымдастыру тәртібі:

1) объектіде қызметкерлердің жұмыс кестесі және оларды жұмыстан тыс және жұмыс уақытында өткізу тәртібі;

2) келушілерді объектіге өткізу тәртібі;

3) материалдық құндылықтарды әкелу (әкету), әкелу (әкету) тәртібі;

4) объектілердің ықтимал қауіпті участеклерінің тізбесі (кіру қақпасы, кіру есігі, қосалқы шығу, бірінші қабаттың терезелері, жертөле үй-жайы).

5) кіру участекі (кемінде екі негізгі участеке орнатылады:

бірінші участек - қызметкерлерге және өзге де келушілерге кіруге шек қойылмаған ғимараттар, аумақтар, үй-жайлар;

екінші участек - адамдардың белгілі бір санатына кіруге рұқсат етілген ғимараттар және (немесе) үй-жайлар-электр қалқаны, қазандық, серверлік, күрделі техникалық жабдығы бар үй-жайлар);

6) Террористік тұрғыдан осал объектілерге және аумағына алып өтуге (тасымалдауға) тыйым салынған нәрселер мен заттардың тізбесі осы Нұсқаулыққа 1-қосымшада айқындалған.

11. Объектідегі өткізу режимі өткізу және объектішлік режимді ұйымдастыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады, ол объекті басшысының бүйрығымен әзірленеді және бекітіледі.

12. Объектінің басшысы оны ұйымдастыруға және бақылауға жаупты тұлғалардың өткізу режимінің тәртібін айқындайды. Күзет қызметі субъектісімен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт болмаған жағдайда өткізу режимін тікелей орындауға жаупты адамдарды тағайындау көзделеді.

13. Объектілер үшін өткізу режимін ұйымдастыру тәртібі осы Нұсқаулықтың 10-тар мағында қарастырылмаған мәліметтерден басқа мыналарды көздейді:

мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қызмет көрсететін тұлғаларды өткізу тәртібі;

объект қызметкерлерін жұмыс орындарына жаппай өткізуді жүзеге асыруға арналған орындар (негізгі және қосалқы) және оларды бақылау тәртібі.

14. Әрбір объектіде өткізу және объектішлік режимдерді ұйымдастыру тәртібінің негізінде оған тән ерекшеліктерді ескере отырып, объектінің басшысы міндетті түрде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде лауазымдық нұсқаулық әзірлеуді көздейді:

1) объектіге кірген кезде жеке басын куәландыратын тиісті құжаттарды тексеру;

2) объектінің аумағына автокөлік құралдарын өткізу кезінде әкелінетін жүктердің тиісті құжаттарын және сипатын тексеруді;

3) қызметтік істер бойынша объектіге баратын адамдардың құжаттарын және басқа ұйымдардан келу мақсаттарын тексеруді, келушілер кітабына тиісті жазбалар жасауды;

4) ішкі үй-жайларды тексеру, объектінің периметрінің бүлінуін тексеру, бөгде, жарылыс қаупі бар және күдікті заттарды анықтау тұрғысынан объектілердің аумағын жиі қарауды;

5) барлық анықталған бұзушылықтар туралы объект басшысына және күзет кәсіпорнындағы өзінің тікелей бастықтарына деру баяндауды;

6) белгіленген ережелерді бұза отырып, объектінің аумағына кіруге және (немесе) қызметкерлерге қатысты құқыққа қайшы әрекеттер жасауға тырысатын адамдар анықталған кезде объектінің периметріне жақын жерде ұзақ уақыт тұрған белгісіз автокөлік табылған кезде нақты объектінің жарақтандырылуына сүйене отырып, объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың іс-әрекеттерін.

15. Лауазымдық нұсқаулық иесіздендірілген және әр объект үшін оның ерекшеліктерін ескере отырып жасалады.

16. Объектіде өткізу режимін сапалы ұйымдастыру мақсатында күзет қызметкерінің (қызметкерлерінің) лауазымын қарастыру.

17. Азаматтардың құқықтарын шектейтін, объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдар талаптарының зандылығын түсіндіретін өткізу режимін ұйымдастыру тәртібі туралы хабарламаларды объект әкімшілігі көруге болатын жерлерге (объектіге кірген кезде) орналастырады.

3-тaraу. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

18. Объектілердің басшылары олардың терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырушылар болып табылады.

19. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында объектінің басшысы осы функцияларды объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жауапты қызметкерге жүктей алады және объектінің қызметкерлерімен көрсетілген іс-шараларды үйлестіруді өзі жүргізе алады.

Күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерімен профилактикалық және оқу іс-шараларын жүргізу оның басшысына жүктеледі.

20. Профилактикалық және оқу-жаттығу іс-шаралары нұсқамалар, сабактар (практикалық және теориялық) және эксперименттер түрінде:

1) террористік түрғыдан осал объектілерінің қызметкерлерімен;

2) террористік түрғыдан осал объектілерде күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектісінің жұмыскерлерімен жүргізіледі.

21. Терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелері бойынша профилактикалық және оқу іс-шаралары тақырыптарының нұсқалары осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада көрсетілген.

22. Объектінің жұмыскерлерімен профилактикалық және оқу іс-шараларын объектінің басшылары немесе объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуге басшы уәкілеттік берген тұлға ұйымдастырады.

Терроризмге қарсы комиссияны үйлестіру кезінде профилактикалық және оқу іс-шараларына уәкілетті орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының аумақтық бөлімшелері тартылады.

23. Объектілерде терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтар профилактикалық іс-шаралар ретінде өткізу режимін, олардың дайындығын, сондай-ақ оларда күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілерді терроризм актісін жасауға кедергі келтіруге, салдарларды барынша азайтуды және жоюды қамтамасыз етуге бағытталған эксперименттер өткізуге рұқсат етіледі.

Өткізілген эксперимент нәтижелері бойынша объектінің басшысына бағалары мен ұсынымдары бар акт жолданады.

24. Оқу іс - шараларын объектілердің басшылары немесе өзге де лауазымды адамдар объектінің қызметкерлерімен, ал күзет қызметі субъектілерінің басшыларымен – объектінің күзетуге тартылатын қызметкерлермен ұйымдастырады.

25. Оқу іс-шаралары персоналды терроризм актісі (актілері) жасалған немесе оның жасалу қаупі болған жағдайлардағы іс-қимылға, оның салдарынан қорғау тәсілдеріне, келушілер мен персоналды объектіден қауіпсіз әрі уақтылы эвакуациялауға оқытуды қамтамасыз етеді.

26. Өткізу режимін ұйымдастыруға жауапты қызметкерлерге терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану дағдыларын игеру және (немесе) жетілдіру, үй-жайларды қарап-тексеру техникасы, жарылғыш құрылғылардың ықтимал орнатылу орындарын анықтау бойынша қосымша сабактар өткізіледі.

27. Сабактар (практикалық және теориялық) объектінің басшысы немесе күзет қызметі субъектісінің басшысы бекіткен өткізу кестелеріне сәйкес өткізіледі.

28. Сипаты мен уақыты жағынан нұсқама жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді. Нұсқама кезінде персоналға терроризм актісі туындаған жағдайдағы іс-әрекет алгоритмі, оның салдарын азайту және жою тәсілдері жеткізіледі.

29. Объект басшысы немесе ол уәкілдептік берген тұлға жылына кемінде бір рет жоспарлы нұсқама өткізеді. Жоспарлы нұсқама жеке немесе жұмыскерлер тобына жүргізіледі.

30. Жоспардан тыс нұсқаманы объектілердің басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары, күзет қызметі субъектілерінің басшылары не өткізілетін оқу-жаттығуларға, жаттығулар мен эксперименттерге жұмылдырылған мемлекеттік органдардың өкілдері:

- 1) объект орналасқан өнірде террористік қауіп деңгейі енгізілген;
- 2) терроризм актісін жасаудың ықтимал қатері туралы ақпарат болған;
- 3) оқу-жаттығуларға, жаттығуларға, эксперименттерге дайындалған;
- 4) күзет іс-шараларын өткізуге дайындалған жағдайларда жүргізеді.

31. Жоспардан тыс нұсқама жеке немесе жұмыскерлер тобына жүргізіледі. Жоспардан тыс нұсқаманың мазмұны әрбір нақты жағдайда оны өткізу қажеттігін туыннатқан себептер мен мән-жайларға байланысты айқындалады.

32. Сабактар (теориялық және практикалық) өткізу кестесіне сәйкес жылына кемінде бір рет кезеңділікпен жүргізіледі. Практикалық және теориялық сабактар жеке немесе бір типтегі объектілердің жұмысшылар тобына жүзеге асырады.

33. Теориялық сабактар Министрлік және оның ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметкерлер арасында терроризм идеологиясының таралуының алдын алуға, сондай-ақ қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Практикалық сабактар:

- 1) қауіпсіз және кедергісіз эвакуациялау жүргізу;
- 2) терроризм актісі қаупі төнген;

3) объектіде күдікті адамдар мен заттар, сондай-ақ объектіге тән терроризм актілерін жасаудың өзге де сценарийлері табылған кезде персоналдың іс-әрекетін үйлестіруге бағытталған.

34. Нұсқаулық өткізу Министрлік және оның ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлерін терроризмге қарсы қауіпсіздіктің негізгі ережелерімен таныстыруға, сауатты және ұтымды мінезд-құлық дағдыларын дамытуға арналған.

35. Терроризмге қарсы қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жауапты адам үлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарын әр түрлі адамдар тобының іс-қимыл алгоритмдерін пысықтау бойынша жоспарланған практикалық сабак туралы кемінде бес тәулік бұрын хабардар етеді.

36. Нұсқамалар мен сабактарды өткізу туралы осы Нұсқаулыққа З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша терроризмге қарсы дайындық жөніндегі оқу іс-шараларын есепке алу журналында жазба жүргізіледі.

37. Журнал нөмірленеді, тігіледі және мөрмен бекітіледі. Журналды толтыру қатаң реттілікті сақтай отырып жүргізіледі.

38. Журналды жүргізуді объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жауапты тұлға жүзеге асырады.

39. Персонал саны 20 адамнан асатын объектілер үшін жоғарыда көрсетілген іс-шаралар бойынша құжаттама хаттама немесе анықтама түрінде рәсімделеді.

4-тaraу. Террористік көріністерге дең қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды үйымдастыруға қойылатын талаптар

40. Объектілердің, күзет қызметі субъектілері басшыларының, сондай-ақ қызметкерлерінің уәкілетті мемлекеттік органдармен және жедел штабтармен өзара іс-қимылы терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатерлеріне дең қоюға, терроризмге қарсы түрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, эксперименттерді, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияларды дайындауға және жүргізуге әзірлікті қамтамасыз ету шенберінде тұрақты негізде үйымдастырылады.

41. Террористік тұрғыдан осал объективтердің басшылары, объективге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілері уәкілетті мемлекеттік органдарға және (немесе) жедел штабтарға терроризмге қарсы түрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, эксперименттерді және терроризмге қарсы операцияларды дайындау және жүргізу кезінде көмек көрсетеді.

42. Террористік тұрғыдан осал объективтердің басшылары, объективге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің басшылары терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатерлеріне дең қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шенберінде объективтің персоналының, күзет қызметі субъектілерінің іс-қимыл алгоритмін әзірлейді:

1) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қауіпі немесе жасалуы туралы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік органдарының аумақтық бөлімшелерін дереу хабардар ету бойынша;

2) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қауіпі немесе жасалуы туралы уәкілетті мемлекеттік органдардан ақпарат алған кезде;

3) жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайтуға және жоюға бағытталған бастапқы деңгелерден қою іс-шараларын орындау бойынша.

43. Объектіге терроризм актісінә жасалу қауіпіне мыналар жатады:

1) объектіге дайындалып жатқан терроризм актісі туралы хабарламаны алуға (оның ішінде анонимді);

2) күзетілетін аумақта тыйым салынған заттарды заңсыз кіргізу (әкелу) әрекеттері;

3) объектінә аумағында қойылған құрылғыларды немесе мақсаты белгісіз заттарды табу;

4) объект қызметкерлерінә ескеrtулеріне әрекет жасамайтын белгісіз күдікті адамдар тобының объекті жанында жиналуы;

5) егер объектінә қауіпсіздігін қамтамасыз етуші қызметкерлердің пікірі бойынша бұл террористік актіге дайындық іс-шаралары болып табылуы мүмкін объектінә жанындағы адамдардың басқа да күдікті әрекеттері.

44. Объектінә басшысы террористік қауіптілік деңгейін белгілеу кезінде мынадай қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етеді:

1) террористік қауіптіліктің "сары" деңгейінде:

объектіде өткізу режимін күшейту;

қауіпсіздік жүйелерінә (хабарлау, бейнебақылау және күзет сигнализациясы) жұмысқа жарамдылығын тексеру және қамтамасыз ету;

келушілерді, қызметкерлерді қажет болған жағдайда арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып тексеру;

алынған ақпаратқа қарай тиісті саладағы мамандарды тарта отырып, күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілері, дағдарыс жағдайларын жою жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілердің қызметкерлері арасында нұсқама өткізу;

терроризм актісінә (актілерінә) жасалу қаупі немесе жасалу кезіндегі іс-қимылдар бойынша қызметкерлер арасында нұсқама өткізу;

эвакуацияланған адамдардың, материалдық құндылықтар мен құжаттаманың уақытша болатын орындарын анықтай отырып, объектілердің қызметкерлерін шұғыл эвакуациялау мәселелерін пысықтау;

2) террористік қауіптіліктің "қызығылт сары" деңгейі кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" деңгейі белгіленгенде қабылданатын шаралармен қатар):

терроризм актілеріне деңгелерден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінә нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша уәкілдеме мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтармен бірлескен іс-қимылдарды пысықтау;

күзет қызметтерін көрсетеу туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің дағдарысты жағдайларды жою жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын объектілер қызметкерлерінің жоғары дайындық режиміне келтіру;

3) террористік қауіптіліктің "қызыл" деңгейі белгіленген кезде (террористік қауіптіліктің "сары" және "қызылт сары" деңгейлері енгізілгенде қабылданатын шаралармен қатар):

адамдарды құтқару жөнінде шұғыл шараларды қабылдау, құтқару қызметтері мен құрылымдарының үздіксіз жұмыс істеуіне көмек көрсетеу;

объектілердің қызметін тоқтата тұру (қажет болған жағдайда).

45. Объектінің басшысы не ол уәкілеттік берген адам терроризм актісі немесе оны жасау қаупі туралы ақпаратты уәкілетті органдарға жеткізгеннен кейін осы Нұсқаулыққа 4-қосымшада көрсетілген алгоритмдерге сәйкес жағдайға байланысты іс-қимыл жасайды.

5-тaraу. Террористік тұрғыдан осал объективтінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және оның қолданылуына қойылатын талаптар

46. Объектінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты (бұдан әрі – паспорт) "Террористік тұрғыдан осал объективтілердің терроризмге қарсы қорғалуының ұлгілік паспортын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51/ке бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) бекітілген террористік тұрғыдан осал объективтілердің терроризмге қарсы қорғалуының ұлгілік паспортына (бұдан әрі - ұлгілік паспорт) сәйкес бір мезгілде электрондық нұсқаны әзірлей отырып, екі данада жасалады.

47. Паспортта:

- 1) эвакуациялау орны;
- 2) жинау нұктелері;
- 3) ескерту жүйесі туралы ақпарат болуы керек.

48. Паспортың мәліметтері шектеулі сипатта болады, олармен жұмыс істеу тәртібі қол жетімділігі шектеулі ақпаратқа қойылатын заңнама талаптарымен айқындалады.

Объектілерде паспорт таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қамтитын құжат болып табылады және егер оған құпиялыштық белгісі берілмесе, "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі болады.

49. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізілетін объективтілерде паспорт "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын ескере отырып, осы Нұсқаулыққа сәйкес әзірленеді.

50. Объектінің басшысы паспорты әзірлеуге, оны сақтауға және паспорт деректерін уақтылы жаңартуға жауапты болып табылады.

51. Паспорттың жобасы объектінің басшысы объектіні террористік тұрғыдан осал объектілердің, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тізбесіне (бұдан әрі – аумақтық тізбе) енгізу туралы тиісті хабарлама алған кезден бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде жасалады.

Паспортты әзірлеу мерзімдерін ұзарту қажет болған жағдайда Министрлік объектісінің басшысы объектінің орналасқан жері бойынша терроризмге қарсы комиссияның аппаратына (бөліміне) тиісті негізделген өтініш жолдайды.

Паспорт жасау мерзімі терроризмге қарсы комиссияның шешімі бойынша ұзартылады.

52. Объекті паспортының жобасы жасалғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде объектінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдының басшысына келісуге жіберіледі.

53. Паспорт жобасын келісу мерзімі паспорт ұлгілік паспортта көрсетілген лауазымды адамға келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспауы тиіс.

54. Паспорт жобасы бойынша ескертулер болған жағдайда, ол қайтаруға негіз болған себептер көрсетіліп, паспорт жобасын жолдаған тұлғаға қайтарылады.

55. Паспорттың жобасы қайтарылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықталады.

56. Қайтадан келіп түскен паспорт жобасын келісу мерзімі (бұрын көрсетілген ескертулерді орындау үшін) 7 (жеті) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

57. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдының басшысымен келісілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде паспортты, объектінің басшысы бекітеді (оның ішінде ол жаңартылған кезде).

58. Ғимарат, құрылыш (ғимараттар мен құрылыштар кешені) бірнеше құқық иеленушіге тиесілі объектілерді орналастыру үшін пайдаланылған кезде паспорт жасау олардың арасындағы жазбаша келісім бойынша объектінің барлық құқық иеленушілері немесе олардың біреуімен бірлесіп жүзеге асырылады.

59. Бірлесіп жасаған кезде паспортты террористік тұрғыдан осал объектілердің барлық құқық иеленушілері бекітуі тиіс.

60. Бір құқық иеленуші жасаған кезде паспортты объектінің басқа құқық иеленушілерімен келісім бойынша объектінің басшысы бекітеді.

61. Паспорттың көшірмелерінің (электрондық көшірмелерінің) саны және оларды объектінің басқа құқық иеленушілеріне жіберу олардың құқық иеленушілері арасындағы жазбаша келісіммен айқындалады.

62. Терроризм актілерінің зардаптарын жоюға және азайтуға тартылған органдарға паспортты уақтылы беруді қамтамасыз ету мақсатында паспортқа екі данада құжаттарды уақытша беру актісі жасалады.

63. Құжаттарды уақытша беру актісінің бір данасы паспортпен бірге терроризмге қарсы операцияға басшылықты жүзеге асыратын жедел штабқа беріледі.

64. Құжаттарды уақытша беру актісінің екінші данасы және паспорттың электрондық нұсқасы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдарына жолданады.

65. Объектінің паспорттарын есепке алу номенклатуралық істер форматында жүзеге асырылады.

66. Паспорт терроризмге қарсы операция, оқу-жаттығу, жаттығу және эксперимент өткізген жағдайда пайдаланылады.

67. Паспорттардың даналарын әзірлеу, келісу, есепке алу, сақтау және (немесе) жою нұсқаулықтарда егжей-тегжейлі баяндалады, паспорттың өзектілігін және оның жедел штабқа уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

68. Паспорт мынадай өзгерістер енгізген жағдайда түзетуге жатады:

- 1) меншік құқығы;
- 2) объект басшысы;
- 3) объектінің атауы;
- 4) объектінің негізгі мақсаты;

5) объектінің, іргелес аумақта құрылыш салудың жалпы ауданы мен периметрі, өзгерсе немесе күрделі жөндеу, ғимараттарды (құрылыштар мен ғимараттарда) және инженерлік жүйелерді реконструкциялау аяқталғаннан кейін егер конструкциясында өзгерістер жасаса;

6) объектінің ықтимал қауіпті участеклері;

7) объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін тартылатын техникалық қуралдар өзгерген жағдайда.

69. Паспортқа түзетулер енгізу оның өзгеру себебі туындаған сәттен бастап 20 (жыныра) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

70. Паспортқа объектінің құқық иесі болып табылатын объект басшысының немесе ұйым паспортқа қол қоюға уәкілеттік берген адамның қолымен куәландырылған өзгерістер енгізіледі. Өзгерістер болған паспорттың элементтері ғана ауыстырылуға жатады.

Бір мезгілде объект басшысының қолы қойылған тиісті өзгерістер туралы ақпарат паспорттың екінші данасына қоса тіркеу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аумақтық органдарына жіберіледі.

71. Паспорт:

- 1) бес жылда кемінде бір рет;
- 2) паспорт мәтіні тармақтарының жартысынан астамына түзетулер енгізілген жағдайда толық ауыстырылуға жатады.

72. Күші жойылған паспорт тиісті акт жасала отырып, комиссиялық тәртіппен жойылуға жатады. Акт объектінің құқық иеленушісі болып табылатын ұйымда қалады, актінің көшірмесі паспорттың екінші сақтау орны бойынша жіберіледі.

6-тарау. Террористік тұргыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыруға қойылатын талаптар

73. Терроризм актісінің жасалуының ықтимал салдарын және инженерлік-техникалық жабдыққа қойылатын сараланған талаптардың айқындалуын ескере отырып, мынадай объектілердің топтары белгіленеді:

1) бірінші топтағы объектілер – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің бөлімшелері күзететін объектілер;

2) екінші топтағы объектілер – жеке күзет ұйымы күзететін объектілер;

3) үшінші топтағы объектілер - жеке күзет ұйымы күзететін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ведомстволарының ғимараты.

74. Объектілер осы тараудың 73-тармағында көрсетілген топтар бойынша бөлінуіне қарамастан бейнебақылау, хабарландыру, өрт дабылы жүйелерімен және кіруді бақылау және басқару жүйелерімен (турникеттер) жарақтандырылады:

1) турникет құрылғыны ашудың және бұғаттаудың қолмен және автоматты және (немесе) қашықтықтан тәсілдерін қамтамасыз етеді;

2) объектінің персоналы мен келушілерін хабардар ету техникалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады және олар ғимаратта, үй-жайда, адамдар тұрақты немесе уақытша болатын объект аумағының участкеріне дыбыстық және (немесе) жарық сигналдарын беруді қамтамасыз етеді.

75. Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді жарақтандыру "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптар мен Талаптарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

76. Осы Нұсқаулықтың 73-тармағында көрсетілген инженерлік-техникалық құралдарға қосымша екінші топтағы объектілерді жарақтандыру үшін мынадай инженерлік-техникалық құралдар пайдаланылады:

1) жете тексеріп қараудың техникалық құралдары (стационарлық және (немесе) қол металл детекторлары);

2) объектідегі ахуалды бақылау бойынша: байланыс, хабарлау, күзет және дабыл (оның ішінде дабыл берудің ұтқыр не стационарлық құралдары - "дабыл түймелері") сигнал беру жүйелері мен құралдары:

байланыс жүйесі күзет бекетіндегі (өткізу пунктіндегі) кезекші мен қызмет көрсету аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нарядтар арасында, сондай-ақ қызмет көрсету аумағы шегінде олардың арасында екі жақты радиобайланысты қамтамасыз етеді;

дабыл беру құралы (мобильді немесе стационарлық) дабылды объектіге дереу беруге мүмкіндік береді;

дабыл түймесі объектіде терроризм актісінің жасалу қаупі туралы уәкілетті органдарды уақтылы хабардар ету мақсатында күзет (өткізу) бекетінде (пунктінде) орнатылады.

77. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасының аумағында орналасқан объектілерді жарақтандыру үшін "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасында террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысы міндеттін атқарушының 2022 жылғы 30 қарашадағы № 05/326 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30966 болып тіркелген) сәйкес инженерлік-техникалық құралдар пайдаланылады.

78. Телевизиялық күзет жүйесімен жабдықталады:

- 1) аумақтың периметрі;
- 2) бақылау-өткізу пункттері (бар болса);
- 3) күзет (өткізу) бекеттері (пункттері);
- 4) бас және қосалқы кіру есіктері;
- 5) ықтимал қауіпті участеклері бар аумақ пен үй-жайлар, оларға апаратын үй-жайлар (орындар), дәліздер;
- 6) объект басшысының қалауы бойынша басқа да үй-жайлар жатады.

79. Телевизиялық күзет жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) көрнекі ақпаратты автоматтандырылған режимде күзет бөлімшесінің арнайы бөлінген үй-жайындағы жергілікті бақылау пунктінің не орталықтандырылған күзет пунктінің мониторларына беруді қамтамасыз етеді;
- 2) оқиғаларды кейіннен талдау үшін бейнеақпаратты сақтау (ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 30 тәулікті құрайды);
- 3) бейнежаңбаға жедел қол жеткізу.

80. Объектінің телевизиялық күзет жүйесіне жататын бейнебақылау жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Тәрағасының 2020 жылғы 27 қазандығы № 69-ке бүйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693 болып тіркелген) бекітілген бейнемониторингтің ұлттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында (бұдан әрі – Бейнемониторингтің ұлттық жүйесінің жұмыс істеу қағидалары) көзделген бейнебақылау жүйелерінің ең тәменгі техникалық шарттарына сәйкес келуі қажет.

81. Осы Тарапудың 79-тармағында көрсетілген жүйелерді қоспағанда, объектілерді осы тарауда көзделген инженерлік-техникалық жабдықпен жабдықтау мүмкін болмаған кезде осы Нұсқаулыққа сәйкес олардың болмауын өтейтін инженерлік-техникалық шешімдер және (немесе) қауіпсіздік шаралары қабылданады.

82. Объектінің салуды, реконструкциялауды, жаңғыртуды, курделі жөндеуді жобалау кезінде объектінің басшысы, объектінің террористік тұрғыдан осал объектілерге

жатқызу өлшемшарттарына сәйкестігін анықтауы және қажет болған жағдайда тиісті инженерлік-техникалық жарақтандыруды қарастыруы қажет.

83. Басшының немесе өзге де лауазымды адамдардың шешімі бойынша объектіде қосымша инженерлік-техникалық жабдық орнатылады.

84. Объектіні инженерлік-техникалық жабдықтармен жарақтандыру жөніндегі іс-шаралардың аяқталу мерзімі объектіге террористік түрғыдан осал мәртебесін беру туралы (оны объектінің орналасқан жері бойынша аумақтық тізбеке енгізу туралы) хабарлама алған сәттен бастап 6 (алты) айдан аспайды.

85. Объектілердің үшін терроризмге қарсы қорғалуының жай-қүйін комиссиялық тексеріп қарағаннан кейін әкімдік жаңындағы терроризмге қарсы комиссиямен келісім бойынша объектілер үшін өзге де мерзімдер белгіленуі мүмкін.

86. Объектішілік бейнебақылау жүйелерін Бейнемониторингтің ұлттық жүйесіне қосу мерзімдері Бейнемониторингтің ұлттық жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында белгіленеді.

87. Объектілердің инженерлік-техникалық жабдықтары тұрақты негізде жұмыс істейтін күйде болуы тиіс.

88. Объектілер күзет және дабыл сигнализациясымен қол жеткізуді бақылау және басқару, жарықтандыру, бейнебақылау жүйесінің ұздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін резервтік электрмен жабдықтау жүйелерімен және құралдарымен жарақтандырылады.

89. Объектілер кіру топтары орналасқан жағдайда, сондай-ақ жұмыскерлердің көлік құраларының қозғалыс жолдарына тікелей жақын болуы мүмкін ашиқ орындар болған жағдайда, объектілер соқтығысу қаупін болғызыбау мақсатында көлік құраларының жылдамдығын төмендету құралдарымен жабдықталады.

90. Көлік құраларының жылдамдығын төмендету мынадай құралдардың бірін: гүл құмыраларын (білктігі кемінде 50 сантиметр), сәулет және ландшафт элементтерін және басқа да антитарандық құрылғыларды пайдалану арқылы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігінің

қарамағындағы террористік

түрғыдан осал объектілердің

терроризмге қарсы қорғалуын

ұйымдастыру жөніндегі

нұсқаулықка 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қарамағындағы террористік түрғыдан осал объектілерге және аумағына алыш өтуге тыйым салынған нәрселер мен заттардың тізбесі

1. Қару:

1) атыс қаруы;

- 2) жарақаттаушы, газды және жарық-дыбыстық әсер ететін патрондары бар ұнғысыз қару;
- 3) сүйк қару, сондай-ақ сүйк қаруға жатпайтын әртүрлі пышақтар;
- 4) лақтыратын қару;
- 5) пневматикалық;
- 6) газды;
- 7) электрлік;
- 8) сигналдық;
- 9) зақымдаушы әсері радиоактивті сәулелену мен биологиялық әсерді пайдалануға негізделген қару мен заттар;
- 10) зақымдайтын әсері электромагниттік, жарық, жылу, инфрадыбыстық немесе ультрадыбыстық сәулеленуді пайдалануға негізделген қару мен заттар;
- 11) жоғарыда аталған қару түрлерін имитациялайтын заттар;
- 12) қару ретінде пайдаланылатын заттар (соққы-жару, лақтыру және тесу-кесу әрекеттері);
- 13) қаруға оқ-дәрілер және оның құрамдас бөліктері.

2. Механикалық және аэрозольдік тозандатқыштар және адам ағзасына жас ағызатын, тітіркендіретін және теріс әсер ететін күралдармен жарақталған құрылғылар.

3. Заттар:

- 1) жарылғыш;
- 2) улы;
- 3) уландырғыш;
- 4) радиоактивті;
- 5) күйдіргіш;
- 6) пиротехникалық;
- 7) тез тұтанғыш.

Қазақстан Республикасы
Каржы министрлігінің
қарамағындағы террористік
түрғыдан осал объектілердің
терроризмге қарсы қорғалуын
үйимдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа 2-қосымша

Сабак тақырыптарының нұсқалары

1. Оқу сабактары (теориялық) тақырыптарының нұсқалары:
 - 1) терроризмге қарсы қауіпсіздік мәселелері жөніндегі заңнаманың негізгі талаптары;
 - 2) терроризмнің мәні мен қоғамдық қауіптілігі, террористік сипаттағы әрекеттердің жасағаны үшін жауапкершілік;

- 3) террористік қауіптің ықтимал көздері туралы хабарлау;
 - 4) объектілердің түрлі адамдардың топтарының террористік сипаттағы ықтимал қауіп-қатерлерге іс-қымыл алгоритмдерінің мақсаты және олармен жалпы танысу.
2. Тақырыптың нұсқама объектінің әрбір қызметкерін терроризм актісін жасау немесе оның объект аумағы шегінде жасалу қаупі жағдайындағы дербес мінез-құлық тәртібімен және іс-қымылдармен егжей-тегжейлі танысуына сәйкес жүргізіледі.
3. Практикалық сабактар тақырыптарының нұсқалары:
- Объекті қызметкерлерінің, күзет қызметкерлерінің практикалық іс-қымылдарын пысықтау:
- 1) иесіз заттар мен құдікті заттарды табу мақсатында үй-жайларды қарап тексеруді үйымдастыру бойынша;
 - 2) иесіз заттар, құдікті заттар табылған және миналау туралы хабар алған кездегі іс-әрекеттер;
 - 3) иесіз заттар, құдікті заттар табылған және объектіні миналау туралы хабар алынған кезде ішкі істер органдарын, уәкілетті органдарды хабардар ету тәртібі бойынша;
 - 4) персоналды және объектіге келушілерді хабардар етуді үйымдастыру бойынша;
 - 5) объект персоналы мен келушілерін эвакуациялауды үйымдастыру бойынша;
 - 6) адамдарды эвакуациялау кезінде іс-қымылдарды үйымдастыру бойынша.
- 7) Алғашқы медициналық көмек көрсету:
- атыс, сынық жаралар, шаншылып-кесілген, жыртылған жаралар;
күйік;
сүйектердің сынуы, буындардың шығуы;
көміртегі тотығымен және басқа да улы заттармен улану;
шок алу жағдайлары, контузиялар;
мидың шайқалуы кезінде.
- 8) террористің сыртқы белгілері:
- қолдан жасалған жарылғыш құрылғының (бұдан әрі – ҚЖЖК) элементтерін жасыруға арналған ауа-райына сәйкес келмейтін кең киім;
- киімнің астынан шығып тұратын ҚЖЖК элементтері, сымдар, тумблерлер, ажыратқыштар;
- қолында қаруды немесе жарылғыш құрылғыны жасыруға болатын үлкен сөмкелер мен баулдың болуы;
- тасымалданатын заттарға мұқият қарау, оларды денеге баса және жиі ұстап көру;
- әртүрлі бұзылулар болуы мүмкін камуфляжды нысанды киімді пайдалану (шеврондардың болмауы, қалыптың төменгі және жоғарғы бөліктері түсінің сәйкес келмеуі, бас киім);
- байланыс жүйесі күзет (өткізу) бекетіндегі (пунктіндегі) кезекші мен қызмет көрсету аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нарядтар арасында,

сондай-ақ қызмет көрсетеу аумағы шегінде олардың арасында екі жақты радиобайланысты қамтамасыз етуі;

дабылды дереу жіберуге мүмкіндік беретін (мобиЛЬДІ немесе стационарлық);

дабыл түймесі объектіде терроризм актісінің жасалу қаупі туралы уәкілетті органдарды уақтылы хабардар ету мақсатында күзет (өткізу) бекетінде (пунктінде) орнатылады.

Қазакстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
қарамағындағы террористік
түргыдан осал объектілердің
терроризмге қарсы коргалуын
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа 3-қосымша

Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын есепке алу журналы № ____

Журналды жүргізу басталған күн 20__ жыл "___" _____.

Журналды жүргізу аяқталған күн 20__ жыл "___" _____.

(ішкі жағы)

Бөлім 1. Нұсқама

p/c №	Нұсқаманы өткізу күні	Нұсқама берілетін адамның тегі аты-жөні әкесінің аты (әкесінің аты бар болса)	Нұсқама түрі	Нұсқаманы өткізген адамның тегі аты-жөні әкесінің аты (әкесінің аты бар болса) және лауазымы	Нұсқама берілетін адамның қолы	Нұсқаманы өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7

Бөлім 2. Сабактар

Күні	Сабактың тақырыбы	Оку сұраптары	Қатысқан қызметкерлердің саны	Сабакты өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5

Қазакстан Республикасы

Қаржы министрлігінің
қарамағындағы террористік
түргыдан осал объектілердің
терроризмге қарсы коргалуын
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа 4-қосымша

Террористік сипаттағы ықтимал қауіп-қатерлерге объектілердің әртүрлі ортадағы адамдардың іс-қимыл алгоритмдері

1-бөлім. Объектіге келушілер мен қызметкерлерге қарулы шабуыл кезіндегі іс-қимыл алгоритмі

1. Объектіге келушілердің әрекеттері:

қорғану: ғимараттан ақырын шығу немесе үй-жайда жасырыну, есікті бұғаттау, құқық қорғау қызметкерлерінің келуін күту;

құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетті, персоналды, объект басшылығын қарулы шабуыл жасау фактісі мен мән-жайлары туралы мүмкіндігінше кез келген тәсілмен хабардар ету.

2. Объект персоналының әрекеті:

құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетті, персоналды, объект басшылығын қарулы шабуыл жасау фактісі мен мән-жайлары туралы мүмкіндігінше кез келген тәсілмен хабардар ету;

қорғану: ғимараттан ақырын шығу немесе үй-жайда жасырыну, есікті бұғаттау, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің келуін күту.

3. Объект күзетінің әрекеттері:

Қарулы қасқунемді анықтау;

мүмкіндігінше объектіде адамдардың жаппай болу орындарына оның жылжуын бұғаттау;

кез келген әдіспен объект басшылығына, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарға қарулы шабуыл жасау фактісі туралы ақпарат беру;

объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдау (евакуациялау, ішкі кедергілерді оқшаулау және басқалар);

жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. Объект басшылығының іс-әрекеттері:

құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды қарулы шабуыл жасау фактілері мен мән-жайлары туралы дереу хабардар ету;

объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру (евакуациялау, ішкі кедергілерді оқшаулау, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау және басқалар);

терроризмге қарсы курес жөніндегі жедел штабтың келген күштерімен өзара іс-қимыл жасасу.

2-бөлім. Адамдарды кепілге алу кезіндегі іс-қимыл алгоритмі

5. Объектіге келушілердің іс-әрекеттері:

қорғану: кепілге алынбауға, ғимараттан ақырын шығып кетуге немесе үй-жайға тығылуға, есікті бұғаттау, құқық қорғау органдарының қызметкерлері келгенге дейін қауіпсіздікті сактау;

құқық қорғау және (немесе) арнайы мемлекеттік органдарды кепілге алынған адамдар мен қаскунемдердің басып алу мән-жайлары (саны, қару-жарағы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты және басқалары) туралы мүмкіндігінше кез келген қолжетімді тәсілмен және өз қауіпсіздігін кепілдік берілген қамтамасыз ету шартымен ғана хабардар ету.

6. Объект қызметкерлерінің іс-әрекеттері:

қорғану: кепілге алынбауға, ғимараттан ақырын шығып кету немесе үй-жайға жасырыну, есікті бұғаттау, құқық қорғау органдарының қызметкерлері келгенге дейін немесе ғимараттан шығу үшін қауіпсіздікті сақтау;

құқық қорғау және (немесе) арнайы мемлекеттік органдарын кепілге алынған адамдар мен қаскунемдердің басып алу мән-жайлары (саны, қару-жарағы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты және басқалары) туралы мүмкіндігінше кез келген қолжетімді тәсілмен және өз қауіпсіздігін кепілдік берілген қамтамасыз ету шартымен ғана хабардар ету.

7. Объекті құзетінің іс-әрекеттері:

Қарулы қаскунемді (-дерді) анықтау;

мүмкіндігінше оны/олардың объектідегі адамдардың жаппай болу орындарына жылжуын бұғаттау;

адамдарды кепілге алуға оқталу фактілері мен мән-жайлары туралы объект басшылығына, құқық қорғау және (немесе) арнайы мемлекеттік органдарға кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлау;

объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдау (евакуациялау, зиянкестер жолындағы ішкі кедергілерді оқшаулау және басқалар);

өз қауіпсіздігінді қамтамасыз ету (кеңілге алынбау және басқалар).

8. Объект басшылығының іс-әрекеттері:

құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарды және (немесе) үшінші тұлғаларды кепілге алуға әрекет жасау фактілері мен мән-жайлары туралы қолжетімді тәсілмен дереу хабардар ету;

мүмкіндігінше объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру (евакуациялау, ішкі кедергілерді оқшаулау, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау және басқалар);

мүмкіндігінше терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың келген күштерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру.

9. Кепілге алу кезіндегі іс-әрекеттер:

тыныштану, үрейленбеу, бәсекен дауыспен сөйлеу;

басқыншылардың көзіне қарамау, дөрекілік танытпау. Басқыншыларды дene күшін немесе қаруды қолдануға итермелейтін әрекеттерге жол бермеу;

басқыншылардың талаптарын орындау, оларға қайшы келмеу, қобалжулар мен үрейге жол бермеу;

қатты сынаққа физикалық және моральдық тұрғыдан дайындалу; басқыншыларға өшпенділік пен немқұрайлылық танытпау; басынан бастап (әсіресе бірінші сағатта) басқыншылардың барлық нұсқауларын орындау. Басқыншылардан кез келген іс-әрекет жасауға рұқсат сұрау;

өз мінез-құлқымен басқыншылардың назарын аудармау, белсенді қарсылық көрсетпеу. Бұл сіздің жағдайыңызды нашарлатуы мүмкін;

егер қашудың сәттілігіне толық сенім болмаса, жүгіруге тырыспау; басқыншылар туралы мүмкіндігінше көп ақпаратты есте сақтау (саны, қару-жарагы, сыртқы келбеті, дене бітімі, екпіні, әңгіме тақырыбы, темпераменті, мінез-құлқы мәнері);

өзінің орналасқан (қамалған) жерін анықтауға тырысу; мүмкіндік болған жағдайда, кез келген қолжетімді байланыс тәсілін пайдалана отырып, өмірге қауіп төндірмей, сақтық таныта отырып, болған жағдай туралы құқық қорғау органдарына немесе арнайы органдарға, қауіпсіздік бөлімшесіне немесе объектінің күзет қызметіне хабарлауға тырысу;

қандай болмасын, тағамды елеусіз қалдырмау. Бұл күш пен денсаулықты сақтауға көмектеседі;

жарақат алған жағдайда, өзіңізге алғашқы медициналық көмек көрсетуге тырысу; ең бастысы, басқыншылар бақылауды тоқтатса да, үрейленбеу;

терезелерден, есіктерден және басқыншылардың өзінен алыс орналасу. Бұл үй-жайға шабуыл жасаған кезде, басқыншыларға тигізу үшін мергендердің ату жағдайында сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін қажет;

арнайы бөлімше қызметкерлері кепілге алынған адамдарды босату жөніндегі операцияны жүргізген кезде мынадай талаптарды сақтау қажет:

қабырғаға қарай еденге төмен қарап жату, басты қолмен жабу және қозғалмау; арнайы бөлімше қызметкерлеріне қарсы жүгірмеу немесе олардан қашпау;

3-бөлім. Жарылғыш құрылғылар мен жарылғыш заттарды қою кезіндегі іс-әрекет алгоритмі

10. Жарылғыш құрылғыны көрсететін белгілер:
табылған затта сымдардың, арқандардың, изолентаның болуы;
зат шығаратын күдікті дыбыстар, шертулер, сағаттың тықылдауы;
заттан бадамға тән иісі немесе басқа ерекше иіс шығады;
табылған заттың ерекше орналасуы;

табылған затқа әр түрлі қуат көздері орнатылған, сыртқы белгілері бойынша антеннаға ұқсас сым.

11. Келушілердің күдікті затты тапқан кездегі іс-әрекеттері:
қолмен ұстамау, жақындау, қозғалтпау;
иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналасындағылардан сұрастыру;

радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы заттың жанында пайдаланудан бас тарту;

мүмкіндігінше анықтау уақыты мен орнын белгілеу;

күдікті заттың табылғаны туралы күзетке, объект персоналына не аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарының кезекші бөлімдеріне дереу хабарлау;

жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны анықтаудың елеулі мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білуге тиіс адамдардан басқа ешкімге жарылғыс қаупі туралы хабарламау;

қорғанысты қамтамасыз ететін заттардың артына тығылу (ғимараттың бұрышы, бағана, қалың ағаш, автомашина және басқалары);

объектінің, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдардың күзетін күдікті тұлға/тұлғалар туралы хабардар ету (саны, ЖҚҚ, қарудың болуы сыртқы белгілері, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлттың және басқалары);

нысаннан кету, мүмкін болмаған жағдайда - күрделі құрылыштың артына және қажетті қашықтықта жасырыну.

12. Күдікті зат табылған кездегі персоналдың іс-қимылы:

қолмен ұстамау, жақындау, қозғалтпау;

иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналадағылармен сұхбаттасу;

радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы заттың жанында пайдаланудан бас тарту;

мүмкіндігінше жарылғыш затты анықтау уақыты мен орнын белгілеу;

күдікті заттың табылғаны туралы күзетке, объект персоналына не ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер аумақтық органдарының кезекші бөлімдеріне дереу хабарлау;

жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны анықтаудың елеулі мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білуге тиіс адамдардан басқа ешкімге жарылғыс қаупі туралы хабарламау;

мүмкіндігінше күзетпен бөгде адамдардың күдікті зат пен қауіпті аймаққа кіруін шектеуді ұйымдастыру;

қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды ұйымдастыру түрде эвакуациялауды қамтамасыз етуге көмектесу;

қажет болған жағдайда қорғанысты қамтамасыз ететін заттарға (ғимараттың бұрышы, бағана, қалың ағаш, автомашина және басқалары) жасырынып бақылау жасау;

күдікті адам немесе өзімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарылғыш заттары болуы мүмкін адамдар тобы (саны, ЖҚҚ, қарудың болуы сыртқы белгілері,

жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты және басқалары) анықталған жағдайда, объектіні, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды күзетуді хабардар ету;

келушілерді эвакуациялауды ұйымдастыруда басшылық пен күзетке жәрдем көрсету;

нысаннан кету мүмкін болмаған жағдайда - күрделі құрылыштың артына және қажетті қашықтықта жасырыну.

13. Құдікті зат табылған кездегі күзеттің іс-әрекеттері:

ұстамау, жақындаамау, қозғалтпау;

иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналасындағылардан сұрастыру;

радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы заттың жанында пайдаланудан бас тарту;

мүмкіндігінше жарылғыш затты анықтау уақыты мен орнын белгілеу;

құдікті заттың табылғаны туралы күзетке, объект персоналына не ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер аумақтық органдарының кезекші бөлімдеріне дереу хабарлау;

жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны анықтаудың елеулі мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білуге тиіс адамдардан басқа ешкімге жарылыш қаупі туралы хабарламау;

қажетті қашықтықта құдікті зат пен қауіпті аймаққа бөгде адамдардың кіруін шектеуді қамтамасыз ету;

қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды ұйымдастыру түрде эвакуациялауды қамтамасыз ету;

қажет болған жағдайда қорғанысты қамтамасыз ететін заттарға (ғимараттың бұрышы, бағана, қалың ағаш, автомашина және басқалары) жасырынып бақылау жүргізу;

құдікті адам немесе өзімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарылғыш заттары болуы мүмкін адамдар тобы (саны, ЖҚҚ, карудың сыртқы белгілері, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты және басқалары) анықталған жағдайда объектіні, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды күзетуді хабардар ету.

14. Объект басшылығының іс-әрекеттері:

құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарды құдікті адамның анықталғаны немесе иесіз заттың табылғаны туралы дереу хабардар ету;

иесіз құдікті заттың табылған орнын қажетті қашықтықта қоршауды ұйымдастыру;

адамдарды объектіден эвакуациялауды ұйымдастыру, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау және басқалар;

күдікті заттарды табу мақсатында үй-жайларды аралап шығуды және аумақтарды қарап-тексеруді қамтамасыз ету;

терроризмге қарсы курес жөніндегі жедел штабтың келген құштерімен өзара іс-қимылды ұйымдастыру, қажетті ақпаратты ұсыну.

15. Жарылғыш құрылғы (бұдан әрі - ЖҚ) немесе ЖҚ-ға ұқсас зат табылған кезде алып тастауға және қоршап алудың қашықтықтары:

РГД-5 граната- 50 метр;

Ф-1 граната- 200 метр;

салмағы 200 грамм тротил шашкасы - 45 метр;

салмағы 400 грамм тротил шашкасы - 55 метр;

сыра банкасы 0,33 литр - 60 метр;

дипломат (кейс) - 230 метр;

жол чемоданы - 350 метр;

"жеңіл" автомашина - 460-580 метр;

автобус - 920 метр;

жүк көлігі (фургон) - 1240 метр.

4-бөлім. Өзін-өзі өлтіруші террористерді қолдана отырып жасалған шабуыл кезіндегі іс-қимыл алгоритмі

16. Объект келушілерінің іс-әрекеттері:

корғану: ғимараттан ақырын шығып кету немесе үй-жайда жасырыну, есікті бұғаттау, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің келуін күту;

құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды, құзетті, персоналды, объект басшылығын қарулы шабуыл жасау фактісі мен мән-жайлары туралы мүмкіндігінше кез келген тәсілмен хабардар ету.

17. Персоналдың іс-әрекеттері:

корғану: ғимараттан ақырын шығып кету немесе үй-жайда жасырыну, есікті бұғаттау, құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің келуін күту;

құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды, құзетті, объект басшылығын қарулы шабуыл жасау фактісі мен мән-жайлары туралы мүмкіндігінше кез келген тәсілмен хабардар ету.

18. Объект құзетінің іс-әрекеттері:

мүмкіндігінше оны/олардың (жанкешті-лаңқестерді) объектідегі адамдардың жаппай болу орындарына жылжуын бұғаттау;

объектінің басшылығына, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарға күдікті адамның немесе адамдар тобының анықталғаны туралы кез келген тәсілмен хабарлау;

объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдау (евакуациялау, ішкі кедергілерді оқшаулау және басқалар);

қажет болған жағдайда объект бойынша (жеке өзі не бейнебақылау жүйесі арқылы) күдікті адамның немесе адамдар тобының жүріп-тұруын бақылауды ұйымдастыру; өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

19. Объект басшылығының іс-әрекеттері:

объектіде күдікті адамның немесе адамдар тобының анықталғаны туралы құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарға ақпаратты дереу беру (оның ішінде адаптирует өзекет ету);

құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қаскунемді анықтау және ұстай уақытын қысқартатын күдікті адам туралы барынша толық ақпарат беру;

адамдарды ұйымдастан өзекеттік эвакуациялауды қамтамасыз ету;

өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

5-бөлім. Телефон арқылы қауіп төнген кездегі іс-әрекеттер алгоритмі

20. Телефон арқылы қауіп-қатер алушының іс-әрекеті (басшы, қызметкер, кезекші бөлімшениң қызметкери):

1) әңгіме барысында қонырау шалушының жынысын, жасын және оның сөйлеу ерекшеліктерін белгілеңіз:

дауыс (анық немесе түйік, төмен немесе жоғары);

сөйлеу қарқыны (жылдам немесе баяу);

айтылу (айқын, бұрмаланған, кекештену, сақау, акцентпен немесе диалектімен);

сөзінің мәнері (шешіліп сөйлеу, кекетіп, әдепсіз сөйлеу);

2) дыбыстық фонға (автомашиналардың немесе теміржол көлігінің шуы, телевизор-немесе радиоаппаратураның дыбысы, дауыстар, басқалар), қонырау сипатына (қалалық, қалааралық) назар аудару;

3) сөйлесудің нақты басталу уақытын және оның ұзақтығын белгілеу;

4) әңгімелесу барысында мынадай сұрақтарға жауап алуға тырысу:

бұл адам қайда, кімге, қандай телефон арқылы қонырау шалады?

ол қандай нақты талаптар қояды?

жеке өзі талап ете ме немесе делдал ретінде әрекет ете ме және қандай да бір адамдар тобын білдіре ме?

ол қандай шарттарда немесе олар өз жоспарларынан бас тартуға келіседі?

онымен қалай және қашан байланысуға болады?

бұл қонырау туралы кімге хабарлай аласыз немесе хабарлауыңыз керек?

5) сіз және басшылық шешім қабылдау немесе қандай да бір іс-әрекет жасау үшін қонырау шалушыдан барынша уақыт аралығын созу мүмкіндігіне қол жеткізуге тырысу;

6) сөйлесу барысында немесе сөйлесу аяқталғаннан кейін дереу ішкі істер органдарының "102" арнасына немесе "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне және ұйым басшылығына телефон қатері туралы хабарлау.

6-бөлім. Химиялық қауіпті және улы заттарды қолдану кезіндегі іс-әрекет алгоритмі

Объект қызметкерлерінің іс-әрекеттері:

өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетшілерді, объектінің персоналын құдікті адам, адамдар немесе заттар туралы хабардар ету.

Объект күзетінің іс-әрекеттері:

дәстүрлі емес діни ағымды ұстанушыларды (жоғарыдағы белгілерді қараңыз) немесе құрамында қауіпті заттар бар заттарды сыртқы белгілері бойынша анықтауға болады;

объектінің басшылығын, құқық қорғау және / немесе арнаулы мемлекеттік органдарды құдікті адамды, адамдар тобын анықтау немесе құрамында қауіпті заттар болуы мүмкін заттарды анықтау туралы кез келген тәсілмен хабарлау;

мүмкіндігінше адамның / адамдардың объективтікі адамдардың жаппай болатын орындарына ілгерілеуіне тосқауыл қою;

қауіпті заттардың таралуын азайту үшін адамды / адамдарды оқшауланған жерде сұлтаумен ұстап тұру;

объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау (эвакуация, ішкі кедергілерді бұғаттау);

қажет болған жағдайда құдікті адамның немесе адамдар тобының объективтікі жеке өзі не бейнебақылау жүйесі арқылы) қозғалысын бақылауды ұйымдастыру;

объектінің үй-жайларын құдікті жасырылған заттар мен оның аумағында зиянкестердің ықтимал көмекшілерін іздестіру;

өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Объект басшылығының іс-әрекеттері:

объектіде құдікті адамды, адамдар тобын, құрамында қауіпті заттар болуы мүмкін заттарды анықтау туралы ақпаратты құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға деру беру (оның ішінде адаптируем әрекет ету);

объектінің үй-жайларын жасырылған заттардың бетбелгілерін тексеруді және оның аумағында шабуылдаушының ықтимал көмекшілерін іздеуді ұйымдастыру;

құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне құдікті адам туралы барынша толық ақпарат беру, бұл шабуылдаушыны анықтау және ұстай уақытын қысқартуы мүмкін;

адамдардың ұйымдастыру әдебиетін анықтау;

өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.